

Р. ШОҚАН¹✉, З.ТЕМИРАЛИЕВА¹, А. БИДОЛДОЙ¹, Ж. САДЫКОВ²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана), e-mail: roza-shokan@mail.ru

²Esil University (Қазақстан, Астана)

ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОНТЕКСІНДЕ ЭКОТУРИЗМДІ ІЛГЕРІЛЕТУ

Аңдатпа. Мақалада тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу міндеттері шеңберінде туризмді дамыту, экотуризмді ұйымдастыру, туристік қызмет көрсету үшін қоршаған ортаның туристік-рекреациялық ресурстарын тиімді қолдану жағдайлары қарастырылған. Сонымен қатар авторлар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әлеуетіне талдау жүргізді сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдану көрсеткіштеріне яғни табиғатты қорғау кәсіпорындарының санына, келушілер үшін экскурсиялық қызмет көрсететін қызметкерлер санына, өткізілген экскурсиялық қызметтерге және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ұйымдастырылған кәсіпорындардың қызметін тұтынушылардың қарқынына талдау жүргізген. Мақаланы жазу барысында зерттеудің ғылыми-әдістемелік тәсілдерін жалпылау кезінде талдау және синтез, салыстырмалы талдау әдістер қолданылды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды туристік мақсатта қолдануды бағалау үшін талдамалық зерттеулерде экономикалық- статистикалық әдістер қолданылды. Абстрактілі-логикалық әдістер арқылы қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар жасалған. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында көрсетілетін қызметтердің түрлеріне назар аударылған. Сондай -ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды туризм мақсатында қолданудың халықаралық тәжірибесі сараланып, туризмнің бұл түрін дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын ашуға, табыс көзін қалыптастыруға мүмкіндік туындайтындығы талдау нәтижелерінде көрсетілген.

Кілт сөздер: туризм, тұрақты даму, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, тұжырымдама, экономика, экологиялық туризм.

Кіріспе

XX ғасырдағы жылдам экономикалық өсуге бағдарланған қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму жағдайлары қоршаған ортаға өлшеусіз зиян тигізгені белгілі. Адамзат қажеттіліктерінің өсуі мен осы қажеттілікті қанағаттандыруға қоршаған ортаның қауқарсыздығы арасындағы қарама-қайшылыққа орын алып отыр.

Табиғаттың байлығы және оның қоғамның дамуын қамтамасыз ету жағдайлары мен табиғаттың өзін-өзі қалпына келтіру мүмкіндіктері шексіз емес. Экономиканың қарқын алуы

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Шоқан Р., Темиралиева З., Бидолдой А. Садыков Ж. Тұрақты даму контексінде экотуризмді ілгерілету – 2025. – No2(8). – б. 288–302. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.20>

***Cite us correctly:** Shokan R., Temiralieva Z., Bidoldoj A. Sadykov Zh. Turakty damu konteksinde ekoturizmdі ilgeriletu [Promotion of ecotourism in the context of sustainable development] – 2025. – No2(8). – b. 288–302. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.20>

тұтас биосфера үшін сонымен бірге адам үшін де қауіпті күшке айналды [1]. Қоғаммен, қоршаған ортаның қазіргі даму жағдайы тұрақтылыққа назар аударуға негіз болып отыр. Өртүрлі елдердің тұрақты даму тұжырымдамалары 1992 жылы Рио-де-Жанейро (Бразилия) қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясының ұсынымдары бойынша әзірленді. Ал, Қазақстан Республикасы тұрақты даму мақсаттарының бағдарлары Қазақстанның басымдықтары мен міндеттеріне сәйкес келетіндігіне назар аударып, 2015 жылы БҰҰ-ның 70-ші Бас Ассамблеясы шеңберінде БҰҰ саммитінде 2015 жылдан кейінгі даму саласындағы күн тәртібін қабылдау бойынша жаһандық дамуға арналған құжатқа қол қойды [2]. Тұрақты даму қоршаған орта, адам, қоғам, теңсіздік, инфрақұрылым, бейбітшілік және т.б. бағыттары бойынша тұрақтылыққа қол жеткізуге бағдарланған. Тұрақты даму мақсаттары 2030 жылға дейін жетуге тиісті он жеті мақсатты және оларға байланысты 169 міндетті, 242 индикаторды қамтыған. Жалпы алғанда, тұрақты даму мақсаттары экономикалық, әлеуметтік және экологиялық компоненттерді біріктіру арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталған. 2030 жылға дейінгі Күн тәртібінің бес негізгі құраушысы ретінде адам, өркендеу, жершары, әріптестік және бейбітшілік деп айқындалған [3]. Дәстүрлі түрде тұрақты даму мақсаттары әлеуметтік бірігу, экономикалық өсу және қоршаған ортаны қорғау тәрізді үш негізгі өлшем арқылы қарастырылған болса, 2030 жылға дейін Күн тәртібін қабылдаған соң тұрақты даму тұжырымдамасы мағынасы жағынан тереңдеп, әріптестік пен бейбітшілік сынды екі өлшеммен толықтырылды. Тұрақты дамуға осы бес компоненттің өзара байланысына назар аударылғанда қолжеткізіледі деп күтілуде.

Туризм саласы- тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін тура немесе жанама түрде ықпал етеді және тұрақты дамудың 8,12 және 14 мақсаттарына қол жеткізу міндеттерінде көрсетілген.

8- мақсат Лайықты жұмыс және экономикалық өсу.

2030 жылға қарай жұмыс орындарын ұйымдастыруға, жергілікті мәдениетті дамытуға және жергілікті өнім өндіруге ықпал ететін тұрақты туризмді қолдау стратегияларын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету міндеті айқындалған.

12-мақсат Жауапты тұтыну және өндіру.

Энергия, су және жер ресурстарын тиімді қолдауды және қалдықтарды азайту саласындағы іс-әрекеттер кешені яғни экожүйені қорғау міндеті бекітілген.

14- мақсат Теңіз экожүйелерін сақтау.

Мухиттарды, теңіздерді және су ресурстарын тұрақты даму мүдделерінде сақтау және ұтымды пайдалану яғни 2030 жылға қарай теңіз ресурстарын тұрақты басқарудан, соның ішінде балық шаруашылығын, аквамәдениетті және туризмді тұрақты басқару арқылы шағын аралдық дамушы мемлекеттер мен даму дәрежесі төмен елдерге түсетін экономикалық пайданы арттыру міндеті тұжырымдалған.

Туризм- экономикалық салаларды қамтитын қызмет көрсету сферасы. Туристік саланың дамуы міндетті түрде туристік-рекреациялық ресурстарды, қажетті инфрақұрылымды, қызмет көрсететін мамандарының болуын талап етеді. Ал, саланың жалпы дамуы туристік қызметті ұсынушы аумақтарда экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сипаттағы өзгерістерге әкеледі және бұл өзгерістер оң әсерлі сипатқа ие бола бермейді. Сондықтан туристік саланы дамытудың жоспарларын айқындаған кезде тұрақты даму қағидаттарына бағдарланған жоспарларды әзірлеу қажет.

Материалдары мен әдістер

Жұмысты жазу барысында зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми көрсеткіштері, ғылыми мақалалар, оқу-құралдары мен оқулықтар, арнайы мекемелердің сайттарында жарияланған ақпараттар қолданылды.

Зерттеу кезінде сипаттау, жалпылау, тұжырымдау, салыстырмалы талдау және экономикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

Негізгі ережелер

Тұрақты даму қағидаттарына негізделіп, экотуризмді дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың туристік-рекреациялық мүмкіндігін қолданудың қажеттілігі бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды туризм мақсатында қолдану мәселелері соңғы жылдары өзінің өзектілігін көрсетіп келеді. Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиялары әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге, мемлекеттік басқару саласындағы реформаларды дамытуға бағытталған. Алайда, экологиялық тәуекелдерді азайтуға, қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және жаңа әлеуметтік экологиялық тәжірибелерді енгізуге бағытталған шараларын кешенін іске асыру жағдайлары баяу. Болашақ үшін Қазақстан Республикасының табиғи қорын сақтау мақсатында елдің көптеген өңірлерінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) құрылды. Қорықтардың, ұлттық парктердің және басқа да ЕҚТА-ның негізгі міндеті-қоғам үшін тұрақты және қолайлы мекендеу ортасын қалыптастыратын және сақтайтын табиғи экожүйелерді сақтау. Осының бәрі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетіп отыр. Мақаланың мақсаты- орнықты даму мақсаттары шеңберінде тұрақты туризмге назар аудару сонымен қатар тұрақты туризм түрі ретінде экологиялық туризмді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ұйымдастырудың жай-күйін кешенді талдау және бағалау.

Әдебиетке шолу

Негізгі ережелері өткен ғасырдың 50-жылдарында әзірленген тұрақты даму тұжырымдамасы экожүйенің танымал мысалдарының бірі, адамзат өркениетінің дамуының заманауи теорияларындағы өзекті және қайшылықты сұрақтардың бірі ретінде саналады. Дамыған елдердің алдында тұрақты дамуға қол жеткізу міндетке айналды, себебі жер шарының ресурстық әлеуетінің сарқылуы және қоршаған ортаның ластауына байланысты экологиялық факторды есепке алуға негізделген жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру қажеттілігі туындады [4].

Тұрақты даму мәдени құндылықтардың сақталуын, ауыл шаруашылығы, жергілікті өнеркәсіп, қолөнер, кәсіп, туризм, рекреация және шаруашылық қызметтің басқа да салалары үшін табиғи ресурстарды ұзақ уақыт пайдалануды қамтамасыз ететін, халықтың лайықты өмір сүру жағдайларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін ландшафттың антропогендік шамадан тыс салмақ түсуіне және бұзылуына қарсы тұра алатын өзін өзі дамытатын және өзіндік әлеуметтік – экологиялық – экономикалық аумақтық жүйені қалыптастыруды білдіреді [5].

Әдетте нақты аумаққа өндірісті шоғырландыру тұрғындардың осы аумаққа шоғырлануымен сәйкестендіріле отырып, урбанизациялау қарқынының жылдамдауына ықпал етеді. Өнеркәсіптің, тасымалдаудың, коммуналдық шаруашылықтың, қала маңы аграрлық-өнеркәсіптің, туризм белсенділігінің күшеюі табиғи экожүйеге әсер етеді. Осындай

әрекеттің салдарынан тұрғындардың басым бөлігі ластанған зиянды қоршаған орта аумақтарында өмір сүруге мәжбүр болып отыр. Осы жағдайлар экологияның әлеуметтенуі мен экономикалық аспектілеріне назар аударуға әкелді деуге болады [6].

Туризм елдердің (аумақтардың) орнықты дамуына қолжеткізу тетіктерінің бірі бола алады. Тұрақты туризм- бұл заманауи туристер мен жергілікті халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сонымен бірге болашақ үшін қоршаған орта мүмкіндіктерін сақтайтын және арттыратын туризм түрі.

Тұрақты туризм – туристік саланың өзін дамыту үшін де, қоғамның әлеуметтік және мәдени құндылықтарын, табиғи ресурстарын сақтау үшін де ұзақ мерзімді жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастырады. Туризмнің осы түрінің мақсаты болашақ үшін табиғи капиталды, экологиялық игілікті сақтау және экономикалық өсу жолымен халықтың жоғары өмір сүру деңгейіне қол жеткізуге бағытталу болып табылады. Бұл табиғи және мәдени кешендердің сақталуы орнықты дамудың ажырамас шарты болып табылатын жаңа туристік брендтің қалыптасуын сипаттайтын туризмнің әлемдік тенденцияларына сәйкес келеді. Тұрақты туризм- жаңа экологиялық қауіпсіз (табиғатқа бағытталған) туризм тұжырымдамасы ретінде саналады. Яғни шешім қабылдау мен тәжірибелік жұмыста әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді біріктіруді көздейтін тұрақты даму тұжырымдамасына бағдарланған.

Тұрақты даму шеңберіндегі туризмнің маңыздылығы кешенді яғни экономикалық (тұрғындардың табысының өсуі, экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің жоғарылауы мен диверсификация); экологиялық (биоәртүрлікті сақтау, өндірістік және технологиялық жүйені экологиялық қауіпсіз дамыту; экологиялық таза азық-түлікті өндіру); құқықтық-саяси (аумақты бақылауды жүзеге асыру, жергілікті өзін- өзі басқару институттарын қалыптастыру және дамыту; саяси тұрақтылықты қолдау); адамгершілік-этикалық (ұлттық құндылықтар мен дәстүрді қайта қалыптастыру және сақтау; халықтардың мәдени мұрасын сақтау, адам капиталын қалыптастыру) факторлар және шарттармен анықталады [7].

2004 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым туризмнің тұрақты даму тұжырымдамасын әзірледі. Туризмнің тұрақты дамуын басқару нормалары мен тәжірибесін туризмнің барлық түрлеріне және барлық бағыттарға, соның ішінде бұқаралық туризмге және туристік сегменттердің әртүрлі «тауашаларына» қолдануға болады. Тұрақтылық қағидаттары қоршаған ортаны қорғауға, туризмді дамытудың экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілеріне қатысты сонымен қатар туризмнің ұзақ мерзімді тұрақтылығына кепілдік беру үшін осы үш аспекті арасында тепе-теңдік орнатылуы керек. Тұрақты туризм: біріншіден, негізгі экологиялық үдістерді қолдау және табиғи мұра мен биологиялық әртүрлікті сақтауға көмектесу арқылы туризмді дамытудың негізгі элементін құрайтын қоршаған орта ресурстарын оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге; екіншіден, қалыптасқан мәдени мұраны және дәстүрлі әдеп-ғұрыптарды сақтай отырып, қабылдаушы қауымдастықтардың өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін құрметтеуге және әртүрлі мәдениеттердің өзара түсіністігіне және оларды қабылдауға үлес қосуға; үшіншіден, тұрақты жұмыспен қамтуды және қабылдаушы жергілікті қауымдастықтар үшін түсетін кірістер мен әлеуметтік қызметтердің мүмкіндіктерін және кедейлікті азайтуға ықпал етуімен қатар, ұзақ мерзімді экономикалық үрдістердің өміршендігін қамтамасыз етуге міндетті [8].

Алыс жақын шетел зерттеушілерінің «туризмнің тұрақты дамуына» арналған еңбектерімен бірге, отандық зерттеушілердің еңбектерінде қарастыратын болсақ. Ғалым

Мазбаев О.Б.: тұрақты дамуға қол жеткізуде басты фактор болып табиғат-қоғам-адам жүйесіндегі дамудың тиімді жолын ұстану болып табылатындығын, оның айқын сипатының бірі экономикалық және әлеуметтік факторлармен қатар экологиялық әсерді тең дәрежеде ұстауы болып саналатындығын яғни қалпына келетін ресурстарды тұтыну қарқыны олардың қайта қалпына келу қарқынынан асып кетпеуі керектігін, қоршаған ортаға жағымсыз әсерінен сақтану керектігін тұжырымдаған [9].

Аумақтардың тұрақты дамуына назар аударған ғалым Насыров Г.М.: «Тұрақты туризм- бұл туризмнің бір түрі емес, ол тұрақты даму тұжырымдамасының қағидаттарына негізделген туризмді дамыту бағыты. Бұл барлық қажеттіліктерді қанағаттандыратын, бірақ ресурстарды үнемдеу, биоәртүрлікке ұқыпты қарау, қоршаған ортаны және әлеуметтік-мәдени құндылықтарды сақтау негізінде болашақ ұрпақты бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін туризм. Сондықтан кез-келген экотуризмді (табиғи, жасыл, жұмсақ, ауылдық, экотуризм, этнотуризм және т.б.) тұрақты туризм деп атауға болады»- деп сипаттаған [10].

Тұрақты туризм түрі ретінде есептелетін "экотуризм" термині ресми түрде өткен ғасырдың 80-ші жылдары қолданыла бастады. Алайда, қазіргі уақытта экотуризмнің нақты және жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Экотуризмнің басты құндылығы-табиғат туралы ойлау, онымен қарым-қатынастан рухани баю, табиғи мұраны қорғауға және жергілікті қауымдастықтардың дәстүрлі мәдениетін қолдауға ынтымақтастық таныту болып отыр. Экологиялық туризм секторын бөліп қарастырудың екі негізгі тәсілі бар [11]. Бірінші тәсілде, экотуризм деп негізгі объектісі жабайы табиғат болып табылатын туризмді атайды. Көптеген авторлар табиғат пен дәстүрлі мәдениет арасындағы шекараны белгілеудің қиындығын атап өтеді және табиғатпен қатар мәдени элементтерді де экотуризм нысандарына қосады. Алайда, бұл жағдайда да "экотуризм" ұғымы толығымен қамтылмайды. Табиғат аясында демалу мақсатындағы туризм кең таралуда, әсіресе АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде, онда бастапқы табиғи ландшафттар дерлік сақталмаған, ал халықтың табиғатпен қарым-қатынас жасау қажеттілігі екінші дәрежелі квазитабиғи аумақтарда қанағаттандырылады. Мұндай туризм көбінесе экологиялық туризм қатарына жатқызылады және оның қоршаған ортаны қорғау мен қалпына келтірудегі, халық дәстүрлерін сақтаудағы және экономиканың экологиялануындағы маңызы кейбір аймақтарда шешуші рөл атқарады. Екінші тәсіл – экологиялық туризмді тұрақты туризмнің бір түрі ретінде қарастыру. Бұл көзқарас неғұрлым дұрыс деп саналады, өйткені экотуризм тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі қағидаттарын басшылыққа алады және оларды іс жүзінде сәтті жүзеге асырады. Табиғи ресурстарды пайдалану олардың тозуына әкелмейді, өйткені олардың қалпына келтірілуі мен сақталуы үшін туризмнен түсетін табыстың бір бөлігі қолданылады. Бұл тәсілде туризм объектілері табиғи да, жасанды да болуы мүмкін.

Экологиялық туризмнің қарқынды дамуының басты қозғаушы күші – табиғат аясында демалуға деген сұраныстың артуы. Бұл қазіргі адамның өмір сүру ортасының оның физиологиялық және психологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келмеуімен түсіндіріледі. Бұл сұранысты қанағаттандыру және экотуризмнің табысты дамуы, басқа салаларға қарағанда, қоршаған ортаның сапасына көбірек тәуелді. Себебі туристер үшін табиғи ортаның бастапқы қалпы аса құнды. Осылайша, экологиялық фактор экономикалық категорияға айналады: қоршаған ортаның сапасын сақтау және оның бастапқы қалпын қорғау экономикалық тұрғыдан тиімді.

Сонымен, экологиялық туризм – бұл табиғатқа бағытталған тұрақты туризм. Оның екі негізгі сипаттамасы яғни: табиғатқа бағытталуы – туристік сұраныстың ерекшеліктерімен, ал тұрақтылығы – қоршаған ортаның сапасын сақтаудың экономикалық тиімділігімен байланысты. Экологиялық туризм – қоршаған ортамен тығыз байланыстағы туризм саласы. Ол тұрақты дамуға ықпал ететін көптеген салалармен өзара әрекеттеседі. Экотуризмнің дамуы табиғатты және мәдениетті қорғау, әлеуметтік және экономикалық даму арқылы табиғатты пайдаланудың жаңа үлгілерінің пайда болуына ықпал етеді. Бұл элементтер өзара тығыз байланыстағы жүйені құрайды. Туризм саласы өзінің дамуының артықшылықтарын ғана пайдаланбайды, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық саладағы басқа секторлардың әсерін сезінеді және реті келгенде олармен жаңа байланыстар орнатады. Экологиялық туризмді дамыту жерді пайдаланудың ұтымдылығын арттыруға әкеледі. Көптеген аумақтарда жерді туристік мақсатта пайдалану ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпке қарағанда әлдеқайда жоғары табыс әкеледі. Бұл әсіресе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қолдану мүмкіндігі қарастырылған аумақтар үшін маңызды болуы мүмкін.

1980 жылы неміс футурологы Роберт Юнгк "жұмсақ туризм" терминін енгізді. 1983 жылы мексикалық экономист-эколог Гектор Цебаллос-Ласкурейн "экологиялық туризм" ("экотуризм") терминін қолданған. Осылайша, ескі де, жаңа көзқараста да экологиялық және әлеуметтік талаптарға сәйкес келетін туризм идеясы тұжырымдалды, яғни экологиялық туризмді табиғатқа жауапты, оны қорғауға ықпал етеді, саяхатшылардың экологиялық мәдениетін арттырады, білім беру функциясын орындайды, дәстүрлі мәдениеттер мен жергілікті қауымдастықтарға мұқият қарайды – деп сипаттауға болады.

Сонымен, "экотуризм" ұғымының пайда болуына бірнеше тенденциялар ықпал етті. Біріншіден, туризм ірі жаһандық экономикалық белсенділіктің біріне айналды. Дүние жүзіндегі қорғалатын табиғи аумақтарға келушілердің саны өсті, сондықтан олардың табиғи кешендерге тигізетін ықтимал зияны үлкен алаңдаушылық тудырды. Сонымен бірге, ұтымды ұйымдастырумен туризм табиғатты қорғауға нақты қаржылық қолдау көрсетіп, бастапқы күйінде сақталуы керек табиғи аумақтардың маңыздылығын арттыра алатындығын көрсетті.

Екіншіден, экологиялық әрекеттердің сәттілігі тек "тыйым салу" шаралары негізінде мүмкін емес екені белгілі болды, әсіресе олар жергілікті халықтың мүдделеріне қарсы бағытталған болса. Жергілікті тұрғындардың осы қызметте серіктес болуы және табиғатқа ұқыпты қарау, олар үшін экономикалық тұрғыдан тиімді болуы қажет. Бұл жерде туризм маңызды рөл атқара алады.

Үшіншіден, туристердің басымдықтары өзгерді. Көптеген адамдар, әсіресе дамыған индустриалды елдерде, қалалық тұрғылықты аумақтардан салыстырмалы түрде бұзылмаған табиғат ортасына ұмтылыс қалыптаса бастады. Дәстүрлі "жағажай-курорттық" демалысқа қарағанда, туристер арасында белсенді және танымдық турларға сұраныс артты.

Сонымен, біздің заманымыздың маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерінің түйілісінде табиғи аумақтарды тұрақты дамытудың маңызды құралдарының бірі ретінде экологиялық туризм тұжырымдамасы пайда болды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді ұйымдастыру ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің ерекшеліктерін және олардағы табиғат қорғау мекемелерінің мәртебесін ескере отырып жүзеге асырудың қиындығы бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға мемлекетте айрықша қорғау тәртібі бекітілген табиғи кешендер мен объектілері бар жер телімдері, су ресурстары, әуе кеңістігі жатқызылады [10].

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңына сай бұл аумақтарды ғылым, мәдениет, оқу-ағарту, білім беру және туризм мақсаттарында қолдануға рұқсат берілген. Ел аумағында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ұйымдастырылу мақсаттына және қорғалу тәртібіне байланысты келесідей топтастырылған: мемлекеттік табиғи қорықтар; мемлекеттік ұлттық табиғи парктер; мемлекеттік табиғи резерваттар; мемлекеттік зоологиялық парктер; мемлекеттік ботаникалық бақтар; мемлекеттік дендрологиялық парктер; мемлекеттік табиғат ескерткіштері; мемлекеттік табиғи қаумалдар және мемлекеттік қорық аумақтары [10].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті ұйымдастыруға болады ма? деген сұрақ көпшілікті қызықтырады әрі әлі де даулы сұрақ болып қалып отыр. Алайда, ел аумағындағы қорықтарды жаппай дамыту мәселесі дұрыс жолға қойылмаған. Бірақ шектеулі, танымдық (ойын-сауық мақсатында емес), мұқият реттелетін туризмді қорықтарда, ұлттық табиғи парктерде олардың аумағын, ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыруға болады. Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуы бүкіл әлемде бар қағидаттар мен ережелер аясында ұйымдастырылу қажет. Экотуризм дегеніміз - "табиғи кешендерге зиян тигізбейтін, табиғатты қорғауға және жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін табиғаттағы туризм мен рекреацияның кез-келген түрі" (АҚШ экотуризм қоғамы, IUCN, VVF). Басқаша тұжырымдасақ, экологиялық туризм-"тұрақты және табиғи-бағдарланған туризм және рекреация".

Экотуризмнің негізгі принциптері: табиғатқа саяхат, сонымен қатар мұндай саяхаттардың негізгі мазмұны-жабайы табиғатпен, жергілікті әдет-ғұрыптар мен мәдениеттермен танысу; экологиялық және әлеуметтік-мәдени сипаттағы жағымсыз салдарларды азайту, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау; табиғатты және жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаны қорғауға жәрдемдесу; экологиялық білім беру және ағартушылық жұмыстар; жергілікті тұрғындардың экологиялық туристік қызметті ұйымдастыруға қатысуы және олардың туристік қызметтен кіріс алуы, бұл олар үшін табиғатты қорғауға экономикалық ынталандыруды тудырады. Бұл жағдайда тұрақтылық туризмнің экологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық салдарының оң жалпы балансын қалыптастырады.

Экологиялық туризм туристік қызметті тұтынушылардан нақты тәртіп ережелерін сақтауды және олардың белгілі бір міндеттемелерді өз еркімен қабылдауын қамтиды. Экологиялық туризм ойластырылған және танымдық сипатқа ие туризм түрі. Ол салыстырмалы тұрғыдан алғанда спорттық- сауықтыру сипатқа да ие. Экологиялық саяхат барысында орман соқпақтарында, су жолдарында сапарлар ұйымдастырылуы мүмкін. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті ұйымдастырудың барлық ерекшеліктерін және ережелерін ескере отырып, табиғи аумақта серуендеу, балық аулау, жидектер мен саңырауқұлақтар жинау, рафтинг және т. б. сияқты іс-әрекеттерді ұйымдастырудың тиімділігі жоғары.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті ұйымдастыру ережелерін ескере отырып, экологиялық туризмді ұйымдастырудың неғұрлым тиімді нысандарының бірі ретінде экологиялық соқпақтарды қалыптастыру болуы мүмкін. Экологиялық соқпақ, бұл маршрут бойында орнатылған ақпараттық стендтер арқылы халықты экологиялық ағарту мақсатында құрылған жабдықталған және ерекше қорғалатын серуендеу және білім беру бағыттары болып табылады. Экологиялық соқпақтарды дамытудың басты артықшылығы

туристік ағындарды басқаруға мүмкіндік алу, рекреациялық ландшафтарды тиімді қолдану бағыттарын анықтау болып отыр. Егер туристік сапарлар кезінде қолданылатын жол тораптары болмаған жағдайда мәдени және табиғи ортаның деградацияға ұшырау қаупі, рекреациялық ресурстардың санының төмендеуі орын алуы мүмкін. Табиғи ортаға адамның тигізетін зияны әртүрлі бағытта болады, олар: тұрмыстық қалдықтардың мөлшерінің арттыруы, ағаш ормандарының өртке орануы, су көздерін ластауы, атмосфераның ластануы және т.б. Сондықтан, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда алдын ала ұйымдастырылған жол тораптары мен белгіленген экологиялық соқпақтарды пайдаланудың маңыздылығы жоғары. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристердің қозғалу тәртібі алдын ала ұйымдастырылған маршруттар негізінде жүргізілмесе, өсімдіктер жабынының жоғалып кетуіне қауіп туғызуы мүмкін.

Қорғалатын аумақтар үшін туризмнің жаппай түрлерінің орнына экологиялық соқпақ негізінде ұйымдастырылған шағын топтар үшін ұзақ, мамандандырылған маршруттарды ұйымдастыру тиімділігі жағынан жоғары. Мұндай ерекше мәртебеге ие табиғи қорықтар мен саябақтарға келетін туристер ағыны шектеулі және мұқият реттелуі керек. Экотуристік маршруттар қорғалатын аумақтармен шектесуі мүмкін, негізгі жергілікті табиғи көрікті жерлерді қамтуы мүмкін, экомаршрут бойындағы табиғи кешендердің сақталуын және олардың жай-күйін бақылауды қамтамасыз ету керек. Егер экомаршруттар қорғалатын аумақтармен шектескен жағдайда туристердің аялдайтын орындары мен бекеттерін алдын ала белгілеу керек. Тоқтайтын аялдамаларда шатыр құратын орындар, тұрмыстық қалдықтарды жинау және жою мүмкіндіктерін туғызатын жерлер, от жағатын арнайы жерлер қарастырылу шарт. Экомаршрут шегіндегі арнайы аялдау орындары туристердің іс-қимыл тәртіптерін бақылауға, жер жабынына түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Сондықтан экотуризм қызметін ұйымдастырған кезде алдын ала ұйымдастыру шараларын іске асырудың қажеттілігі жоғары. Бұл жалпы экомаршруттарға қатысушылардың сапар шегіндегі тәртіптерін қадағалау, қызметті ұйымдастыру мен басқарудың оңтайлы тәсілін қалыптастыруға әсер етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасы аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) – табиғи мұраларды сақтау мен экожүйе тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды құралы. Елімізде қазіргі таңда 10 мемлекеттік қорық, 10 ұлттық табиғи саябақ, 3 табиғи резерват, 49 қорықша, 127 геологиялық табиғи-қорықтық қор, 5 қорықтық аймақ, 6 ботаникалық және 3 зоологиялық бақ, сондай-ақ 26 табиғат ескерткіші мен 2 ірі резерват (Семей және Ертіс орманы) жұмыс істейді.

Аталған аумақтардың жалпы көлемі 2 млн гектардан асады, бұл республика жерінің 8%-ына тең (1-сурет). Ал халықаралық стандарт бойынша бұл көрсеткіш кемінде 10–12% болуы тиіс. Мысалы, Германияда ЕҚТА жері 31,5%, АҚШ-та – 15,8%, Жапонияда – 14% құрайды [14]. Бұл Қазақстанда ЕҚТА жүйесін одан әрі кеңейту қажеттігін көрсетеді.

Бұл аумақтар экологиялық туризмді дамытуға және табиғатты қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуге қолайлы мүмкіндік береді. ЕҚТА инфрақұрылымын жетілдіру – елдің тұрақты дамуына үлес қосатын маңызды басымдықтардың бірі.



Сурет 1 – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы деректер

Ескерту – Дереккөз: [12]

Ұлттық Статистика бюросының қоршаған ортаны бақылау мен бағалаудың экологиялық индикаторлары туралы деректерінде елде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың алаңы артқаны байқалып отыр. Егер 1993 жылы 2724900000 га жер аумағы болса оның ішінде жалпы қорғалатын алаң – 6519653,1га. ал мемлекет аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі 2,4%-ды құраған. 2023 жылы елдегі ерекше мәртебеге ие табиғи аумақтардың үлесі 10,8%-ға жеткен.

2021 жылғы мәлімет бойынша ел аумағында 27486792,94 га ерекше қорғалатын аумақ тіркелген. Осы аумақта табиғат- қорғау мекемелерінің саны 120 бірлік болса, ондағы 133 қызметкер ерекше мәртебеге ие табиғи аумақтарға келушілерге арнап, туристік-экскурсиялық қызмет көрсеткен (1- кесте).

Кесте 1 – Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы көрсеткіштер

	2017ж	2018ж	2019ж	2020 ж	2021	2021/2017 жж. %
Табиғат-қорғау кәсіпорындарының саны, бірлік	114	115	117	117	120	105,3
Жалпы алаңы, га	242200	245574	243733	24373	274867	113,5
	24,2	60,7	57,1	357,1	92,94	
Келушілер үшін экскурсиялық қызметі көрсететін қызметкерлер саны, адам	30	30	49	143	133	443,3

Жалғасы келесі бетте...

Аумақтарда өткізілген экскурсиялар саны, бірлік	6327	6110	8166	2705	16536	261,4
Аумақтарға келушілердің саны, адам	126194 2	123681 3	1501625	985897	1552111	122,9
*Ескерту: Авторлар [13] әдебиет көзі негізінде құрастырып, есептеген.						

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың потенциалын қолдану арқылы ұйымдастырылған экскурсиялар саны талдауға алынған жылдар ішінде жоғарылаған. Егер 2017 жылы 6327 экскурсия ұйымдастырылған болса, 2021 жылы оның мөлшері 16536 бірлікті құрады немесе өсу қарқыны 261,4 пайызға жеткен. Ал, ерекше қорғалатын табиғи орындарға келушілердің саны 2021 жылы 1552111 адамды құрады. Талдау кезеңдерінде ерекше мәртебеге ие аумақтардың кеңеюі және оны туристік – экскурсиялық мақсатта қолдану жағдайларының өскені байқалады. Ел аумағындағы табиғи ресурстардың әлеуетін пайдалануды арттыру арқылы туристік-экскурсиялық қызметтен түсетін табысты арттыруға мүмкіндік туғызу керек. Табыстың бұл түрі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтуге, қорғауға және қажетті инфрақұрылымдарды ұйымдастыруға бағытталу қажет.

Ерекше мәртебеге аумақтарды пайдаланудың шетелдік тәжірибелерін саралайтын болсақ, Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы шамамен 0,26 млн км², бұл экотуризмді сәтті ұйымдастырып жатқан бірқатар дамыған елдерге қарағанда он есе көп және жылына шамамен 2 млн адам туристік мақсатта келеді. Ал бұл көрсеткіш АҚШ-та 200 млн адамға, Австралияда 60 млн. адамға жетеді (2-сурет). Мұндай нәтижелерге елдер заңнамалық деңгейде реттелген ұлттық табиғи саябақтар аумағындағы туристік қызметті басқарудың жүйелі жұмысы нәтижесінде қол жеткізіп отыр.



Сурет 2 – Экотуристердің саны, 2021 жыл, млн адам

Ескерту – [15] әдебиет негізінде құрастырылған.

2019 жылы АҚШ-тағы ұлттық саябақтарға келушілердің саны 327,5 млн. адам болса, 340500 жұмыс орны құрылды, ұлттық саябақтарға келушілердің жұмсаған шығындары 21 млрд. АҚШ долларын құраған. Жылына Йелстоун саябағына келген үш миллион келушіден

түскен жалпы табыстың 7-9%-ын саябаққа кіру үшін төлейтін ақы құраған. АҚШ саябаққа кірудің орташа билет құны 15 АҚШ доллары [15]. Міне, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кіру үшін алынатын ақы мөлшері де белгілі бір көлемді табысты құрауға ықпал етеді.

2019 жылы Финляндия экологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейінің, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің алуан түрлігі мен бірегейлігінің, сондай ақ мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұстанымының нәтижесінде жабайы табиғат бойынша саяхаттау үшін үздік ел ретінде танылды. Ал, үздік елдердің тізімін анықтау үшін ұлттық парктердің саны, биоалуантүрлілік, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлардың жойылып кету қаупі және басқа да көрсеткіштер ескеріледі [16].

Қорытынды

Туризм саласы кейбір мемлекеттер үшін экономикалық құраушы ғана емес әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы бар салалардың бірі ретінде саналады. Туристік-рекреациялық ресурстарды қолданудың салдарын, қоршаған орта мен биоәртүрлікке туризмнің дамуынан туындайтын әсерлерді мүмкіндігінше төмендету үшін тұрақты туризм және оның түрлерін дамытуға назар аудару керек. Себебі, дәстүрлі немесе «қатаң» туристік қызметтің дамуының қоршаған орта мен туристік ресурстарға түсіріп отырған жүктемесінің салдары қазіргі уақыттың өзінде байқалып отыр. Яғни туризмді дамытып отырған мұхит жағалаулары, аралдық мемлекеттердегі су көздерінің ластануы, туристік мақсатта қолданылатын инфрақұрылым құрылысын жүргізу мақсатында орман, өсімдік әлемінің оталуы, көлік-тасымалдау құралдарының ауаны ластауы, қатты тұрмыстық қалдықтардың артуы орын алуда. Сондықтан, туристік қызметті экономикалық пайда түсетін көз ретінде әрі сервистік экономиканың қозғаушы саласы ретіндегі рөлін айқындай келе, оның қоршаған ортаға тигізетін зияндарын тежеуге немесе бәсеңдетуге мүмкіндік беретін туризм түрлеріне атап айтқанда тұрақты туризмге, жасыл туризмге, экотуризмге, агротуризмге, этнотуризмге және т.б. «жұмсақ» туризм түрлерін дамытуға, ұйымдастыруға назар аударылу керек. Осы мақалаға арқау болып отырған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды экотуризм мақсатында пайдалану бойынша бірқатар шаралар жиыны іске асырылуы керек деп ойлаймыз. Біріншіден, құқықтық реттеу және қадағалау (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ұлттық және халықаралық заңнамаларды қатаң сақтау; экожүйенің жағдайын қадағалау тәсілін әзірлеу және қолдану; аумаққа кіретін туристердің санына шектеу белгілеу, кіру тәртібінің талаптарын бекіту). Екіншіден, экологиялық тұрақты туризмді ұйымдастыруға басымдық беру (табиғатқа тигізетін зияны аз экомаршруттарды әзірлеу; экологиялық инфрақұрылымды қолдану; қалдықтарды сұрыптау жүйесі енгізу және зиянды әрі ыдырауы ұзаққа созылатын материалдарды пайдалануға тиым салу). Үшіншіден, жергілікті қауымдастық өкілдерімен қарым-қатынасты нығайту (жергілікті аумақты басқару, бақылау жұмыстарына жергілікті тұрғындарды көптеп тарту; жергілікті шаруашылық объектілерін агро, экотуризм түрлерін дамыту үшін қолдану және бұл жергілікті тұрғындарға тұрақты табысқа ие болуға мүмкіндік береді; экотуризм қағидаттары негізінде жергілікті тұрғындар ішінен туристік қызмет көрсететін мамандарды, гидтар мен нұсқаушыларды оқытуға назар аудару). Төртіншіден, ақпараттық және ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру (ерекше мәртебесі бар аумақтарға кіру ережелері туралы ақпаратты маршрут бойында, аумаққа кіру, аумақта ең көп адам шоғырыланатын жерлерге орналастыру; ағартушылық бағдарламалар мен экологиялық экскурсияларды әзірлеу және насихаттау; аумаққа келушілер арасында

жауапкершілікті және қоршаған ортаны қорғау міндеттері туралы ақпараттандыру шараларын ұйымдастыру). Бесіншіден,

Бұл әлем мемлекеттері өздерінің даму жолдарында басшылыққа алып тұрған тұрақты дамыту мақсаттарына қолжеткізудегі қадамдардың бірі болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ануфриев В. П., Гудим Ю. В., Каминов А. А. Устойчивое развитие. Энергоэффективность. Зеленая экономика: монография. – Москва: ИНФРА-М, 2023. – 201 с.
2. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру туралы қысқаша ақпарат [Электрон. ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://egov.kz/cms/kk/articles/development_goals (қол жеткізу күні: 01.08.2024).
3. Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <https://unstats.un.org> (дата обращения: 13.09.2024).
4. Кузнецов А. П. Устойчивое развитие региона: эколого-экономические аспекты: монография. – Вологда: ИСЭРТ РАН, 2015. – 136 с.
5. Насыров Г. М. Туризм в системе устойчивого развития территорий и ESG-принципов // Устойчивое развитие территорий: теория и практика: материалы IV Междунар. науч.-практ. конф. (19–20 апреля 2023 г., г. Сибай). – Сибай: Сибайский институт (филиал) УУНиТ, 2023. – С. 416–418.
6. Дятлов С. А. Основы концепции устойчивого развития: учебное пособие. – Москва: ИНФРА-М, 2024. – 185 с.
7. Насыров Г. М. Сельский туризм в системе устойчивого развития дестинации (на примере Республики Башкортостан): автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – СПб.: Балтийская академия туризма и предпринимательства, 2013. – 25 с.
8. Новиков В. С. Инновации в туризме. – М.: ИЦ «Академия», 2007. – 208 с.
9. Имангулова Т., Аскарова Г., Мазбаев О. Б. Туризмнің тұрақты дамуы ұғымы // Дене тәрбесінің теориясы мен әдістемесі. – 2020. – № 4 (62). – Б. 159–164.
10. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңы.
11. Петрасов И. Концепция устойчивого развития применительно к мировому туризму [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: https://tourlib.net/books_tourism/petrasov2-1.htm (дата обращения: 13.09.2024).
12. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы деректер [Электрон. ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://stat.gov.kz/ecologic-indicators/28455/protected_areas/ (қол жеткізу күні: 13.09.2024).
13. Қазақстан туризмі, 2017–2021: Статистикалық жинақ. – Қазақ және орыс тілдерінде. – 65 б.
14. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар [Электрон. ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://kk.wikipedia.org/> (қол жеткізу күні: 01.08.2024).
15. Рой О. М. Особо охраняемые природные территории: от консервации к развитию // Антиномии. – 2021. – Т. 21, вып. 2. – С. 90–108.
16. Первозданная природа Казахстана – потенциал для развития экотуризма [Электрон. ресурс]. – Режим доступа: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan> (дата обращения: 13.09.2024).

REFERENCES

1. Anufriev V. P., Gudim Yu. V., Kaminov A. A. Ustojchivoe razvitie. Energoeffektivnost. Zelenaya ekonomika: monografiya. – Moskva: INFRA-M, 2023. – 201 s.
2. Қазақстандағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру туралы қысқаша ақпарат [Elektron. resurs]. – Қолжетімділік режімі: https://egov.kz/cms/kk/articles/development_goals (қол жеткізу күні: 01.08.2024).
3. Povestka dnya v oblasti ustojchivogo razvitiya na period do 2030 goda [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: <https://unstats.un.org> (data obrasheniya: 13.09.2024).
4. Kuznecov A. P. Ustojchivoe razvitie regiona: ekologo-ekonomicheskie aspekty: monografiya. – Vologda: ISERT RAN, 2015. – 136 s.
5. Nasyrov G. M. Turizm v sisteme ustojchivogo razvitiya territorij i ESG-principov // Ustojchivoe razvitie territorij: teoriya i praktika: materialy IV Mezhdunar. nauch.-prakt. konf. (19–20 aprelya 2023 g., g. Sibaj). – Sibaj: Sibajskij institut (filial) UUNiT, 2023. – S. 416–418.
6. Dyatlov S. A. Osnovy koncepcii ustojchivogo razvitiya: uchebnoe posobie. – Moskva: INFRA-M, 2024. – 185 s.
7. Nasyrov G. M. Selskij turizm v sisteme ustojchivogo razvitiya destinacii (na primere Respubliki Bashkortostan): avtoref. dis. ... kand. ekon. nauk: 08.00.05. – SPb.: Baltijskaya akademiya turizma i predprinimatelstva, 2013. – 25 s.
8. Novikov V. S. Innovacii v turizme. – M.: IC «Akademiya», 2007. – 208 s.
9. Imangulova T., Askarova G., Mazbaev O. B. Turizmнің тұрақты дамуы ұғымы // Дене тәрбесінің теориясы мен әдістемесі. – 2020. – № 4 (62). – B. 159–164.
10. Erekshe қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілддегі № 175 Заңы.
11. Petrasov I. Koncepciya ustojchivogo razvitiya primenitelno k mirovomu turizmu [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: https://tourlib.net/books_tourism/petrasov2-1.htm (data obrasheniya: 13.09.2024).
12. Erekshe қорғалатын табиғи аумақтар туралы деректер [Elektron. resurs]. – Қолжетімділік режімі: https://stat.gov.kz/ecologic-indicators/28455/protected_areas/ (қол жеткізу күні: 13.09.2024).
13. Қазақстан туризмі, 2017–2021: Statistikalық zhinaқ. – Қазақ және орыс тilderinde. – 65 b.
14. Erekshe қорғалатын табиғи аумақтар [Elektron. resurs]. – Қолжетімділік режімі: <https://kk.wikipedia.org/> (қол жеткізу күні: 01.08.2024).
15. Roj O. M. Osobo ohranyaemye prirodnye territorii: ot konservacii k razvitiyu // Antinomii. – 2021. – T. 21, vyp. 2. – S. 90–108.
16. Pervozdannaya priroda Kazahstana – potencial dlya razvitiya ekoturizma [Elektron. resurs]. – Rezhim dostupa: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan> (data obrasheniya: 13.09.2024).

Р. ШОҚАН

Экономика ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті
(Қазақстан, Астана)

З.ТЕМИРАЛИЕВА

Аға оқытушы
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, (Қазақстан, Астана)
e-mail: zubaira.zere.9@gmail.com

e-mail: roza-shokan@mail.ru	
А. БИДОЛДОЙ Аға оқытушы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Қазақстан, Астана) e-mail: amanbek-a79@mail.ru	Ж. САДЫКОВ PhD, доцент Есіл университеті (Қазақстан, Астана) e-mail: zhass83@mail.ru
	15.02.2025 ж. баспаға түсті 05.05.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025ж. басып шығаруға қабылданды

R. SHOKHAN¹✉, Z. TEMIRALIEVA¹, A. BIDOLDOY¹, Zh. SADYKOV²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), e-mail: roza-shokan@mail.ru

²Esil University (Kazakhstan, Astana)

PROMOTING ECOTOURISM IN THE CONTEXT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT

Abstract. The article examines the development of tourism, the organization of ecotourism, and the effective use of tourist-recreational resources of the environment within the framework of the goals of achieving sustainable development. Additionally, the authors analyze the potential of protected natural areas and review the indicators of their use, such as the number of environmental protection enterprises, the number of employees providing excursion services for visitors, the number of conducted excursion services, and the intensity of consumption of services by businesses operating in protected natural areas. In writing the article, methods of analysis and synthesis, as well as comparative analysis, were used in the process of generalizing scientific and methodological approaches. Economic-statistical methods were applied in the analytical studies to assess the use of protected natural areas for tourism purposes. The conclusions and recommendations were drawn using abstract-logical methods. The article highlights the types of services provided in Kazakhstan's protected natural areas. The international experience of using protected natural areas for tourism is also analyzed, with the results showing that developing this type of tourism can create additional jobs and generate income opportunities.

Keywords: tourism, sustainable development, protected natural areas, concept, economy, ecological tourism.

Р. ШОҚАН¹✉, З. ТЕМИРАЛИЕВА¹, А. БИДОЛДОЙ¹, Ж. САДЫКОВ²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, (Казахстан, Астана)

²Есильский университет (Казахстан, Астана)

ПРОДВИЖЕНИЕ ЭКОТУРИЗМА В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы развития туризма, организации экотуризма и эффективного использования туристско-рекреационных ресурсов окружающей среды в рамках задач достижения целей устойчивого развития. Также авторы провели анализ потенциала особо охраняемых природных территорий, а также рассмотрели показатели использования этих территорий, такие как количество

природоохранных предприятий, число сотрудников, оказывающих экскурсионные услуги для посетителей, количество проведенных экскурсионных услуг и интенсивность потребления услуг предприятий, организованных на особо охраняемых природных территориях. В процессе написания статьи при обобщении научно-методологических подходов использовались методы анализа и синтеза, а также сравнительный анализ. Для оценки использования особо охраняемых природных территорий в туристических целях в аналитических исследованиях были применены экономико-статистические методы. Заключительные выводы и рекомендации были сделаны с использованием абстрактно-логических методов. Обращено внимание на виды услуг, предоставляемых на особо охраняемых природных территориях Казахстана. Также проанализирован международный опыт использования особо охраняемых природных территорий для туризма, и в результате анализа показано, что развитие этого вида туризма может способствовать созданию дополнительных рабочих мест и формированию источников дохода.

Ключевые слова: *туризм, устойчивое развитие, особо охраняемые природные территории, концепция, экономика, экологический туризм.*